

Авиациялық отынды әкетуге уақытша тыйым салуды енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 19 тамыздағы N 850 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 20 ақпандағы
N 171 Қаулысымен

*Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.02.20. N 171
Қаулысымен.*

Ел экономикасының мұқтаждары үшін авиациялық отынның қажетті қорын
жасау мақсатында және Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 сәуірдегі
Кеден кодексінің 8-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының
Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қолданысқа енгізілген сәтінен бастап 2006 жылғы 28 ақпан
кезеңінде осы қаулы қолданысқа енгізілгенге дейін мерзімдік декларациялау
рәсімі бойынша бұрын ресімделген, сондай-ақ арнайы кедендік режимге
о р н а л а с т ы р ы л а т ы н :

реактивті отынды (ЕурАзЭҚ СЭҚ ТН коды 2710 19 210 0);
өзгелерін (ЕурАзЭҚ СЭҚ ТН коды 2710 19 250 0) қоспағанда, авиациялық
отынды Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге тыйым салынсын.

*Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің
2005.12.31. N 1332 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз),
2006.02.06. N 70 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз)
қаулыларымен.*

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті
осы қаулының 1-тармағын орындау жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі белгіленген тәртіппен
Еуразия экономикалық қоғамдастығының Интеграциялық комитетін Қазақстан
Республикасы осы қаулының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының
аумағынан авиациялық отынды әкетуге тыйым салуды енгізгендігі туралы
хабардар етсін.

5. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

